ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша)

2023 жылғы 02 қазан №7119-23-00-2/10671 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Алимбетов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің «Сұнқар» арнайы мақсаттағы жасағы» Мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің «Сұнқар» арнайы мақсаттағы жасағы» Мемлекеттік мекемесінің жауапкер «СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2850 (екі мың сегіз жүз елу) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 85 (сексен бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.С.Алимбетов**

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 02.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Алимбетов А. С., 23.11.2023

7119-23-3-1/10344